

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық
зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия
институты

Стандарттау, сертификаттау және машина жасау
технология кафедрасы

Жұмағалиев Ж.Ж.

Тісті дөнгелекті шығаратын механикалық-құрастыру
бөлімін жобалау. Жылдық шығару бағдарламасы
N=5000 дана

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B071200 – «Машина жасау» мамандығы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Ө.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты
Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технология кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. канд-ты А.Т.Альпеисов
« 05 » 2019ж.
ДИПЛОМДЫҚ ЖІБЕРІЛДІ
ДОПУСҚА ҚАБҚАЛДАНДЫ
ДОПУСҚА ЗАЩИТЕ ДИПЛОМА

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА


Тақырыбы: «Тісті дөнгелекті шығаратын механикалық-құрастыру бөлімін
жобалау. Жылдық шығару бағдарламасы N=5000 дана»


5B071200 – «Машина жасау»

Орындаған



Жұмағалиев Ж.Ж.

Пікір беруші
техн. ғыл. канд-ты,
профессор ЕТУ
 У.Б.Байтукаев
« 20 » 05 2019ж.

Ғылыми жетекші
техн. ғыл. канд-ты
 А.Т.Альпеисов
« 18 » 05 2019ж.


Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты
Стандарттау, сертификаттау және машина жасау технологиясы кафедрасы
5B071200 – «Машина жасау»

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд-ты

 А.Т.Альпеисов

« 06 » 11 2018ж.

Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА

Білім алушы Жұмағалиев Жақсылық Жанболатұлы

Тақырыбы «Тісті дөңгелекті шығаратын механикалық-құрастыру бөлімін жобалау. Жылдық шығару бағдарламасы N=5000 дана»

Университет ректорының «06» қарашаның 2018ж. № 1252-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі «23» мамыр 2019ж.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері бұйымның құрастыру сызбасы, тетіктің жұмысшы сызбасы, маршруттық – операциялық карталар, тетіктің жылдық шығару бағдарламасы, диплом жоба алдындағы практиканың мәліметтері, тетіктің техникалық сипаттамасы

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) бұйымның құрастыру технологиясы; б) тісті дөңгелекті механикалық өндеудің технологиялық үрдістері; в) металлкескіш станоктың қондырғысын жобалау; г) ұйымдастыру бөлімі; д) қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі; е) жобаның экономикалық тиімділігі есептеу

Сызбалық материалдардың тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

бұйымның құрастыру сызбасы – 1А1; бұйымның жинақтау сызбасы – 1А2; тетіктің жұмысшы сызбасы және дайындаманың сызбасы – 1А1; технологиялық баптаулар – 2А1; металлкескіш станоктың қондырғысының сызбасы– 1А1; механикалық құрастыру бөлімінің жоспары – 1А1.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 15 атау


Дипломдық жобаны дайындау


КЕСТЕСІ


Бөлім атауы, Қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлімі	14.02.9ж. – 27.03.19ж.	орындалды
Конструкторлық бөлімі	28.03.19ж. – 02.04.19ж.	орындалды

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған

қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	Ә.Ж.Жанкелді, тьютор	18.05.19ж.	

Ғылыми жетекші  А.Т.Альпеисов

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Ж.Ж.Жұмағалиев

Күні

«11» ақпан 2019ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жұмыста бәсеңдеткіш шығаратын механикалық құрастыру бөлімін жобалап және тісті дөңгелекті механикалық өңдеу технологиясын жасадым. Тісті дөңгелекті өңдеу технологиясындағы операцияларға баптау (наладка) сыздым. Алынған мәліметтерге сай құрастыруға және өңдеуге техникалық талаптардың анализі жүргізілді. Берілген шығару бағдарламасына сай өндірістің типі анықталынды, таңдау және дайындаманы жасау әдісінің негізделуі жүргізілді. Тораптың құрастырылуының технологиялық сұлбасы жасалынды, сонымен қатар тетіктің жеке беттерінің маршрутты өңделуі және оны жалпы өңдеудің операциянды технологиялар жасалынды. Тетік өңдеуінің технологиялық процесін жобалаудың жолында технологиялық процессті нормалау орындалды, тетік жасалуының еңбексыйымдылығы және бұйым жасаудың жалпы еңбексыйымдылығы анықталынды.

АННОТАЦИЯ

В этой дипломной работе разработал цех механической конструкций по производству редукторов и составил механическую технологию зубчатого колеса, равно как и начертил технологию обработки. На основе имеющихся данных произведен анализ технических требований на сборку и обработку. С учетом заданной программы выпуска определен тип производства, производился выбор и обоснование метода изготовления заготовки. Разработаны технологические схемы сборки узла, так же маршрута обработки отдельных поверхностей детали и операционной технологии обработки ее, в общем. В ходе проектирования технологического процесса обработки детали, выполнено нормирование тех.процесса, определено трудоёмкость изготовления детали и общей трудоёмкости изготовления изделия.

ANNOTATION

In this we attempted to create machine construction shop which can produce reduction gear. Composed mechanical technology of pinion also drew a technical process of this shop. On the basis of the available data the analysis of technical requirements on assemblage and processing is carried out. Taking into account the set program of release the manufacture type is defined, the choice and a substantiation of a method of manufacturing of preparation is made. Technological schemes of assemblage of knot, as route of processing of separate surfaces of a detail and operational technology of its processing, in general are developed. During designing of technological process of processing of a detail, rationing tech.процесса is carried out, labour input of manufacturing of a detail and the general labour input of manufacturing of a product is defined.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	7
1	Технологиялық бөлім	8
1.1	Бұйымды құрастыруының технологиялық үрдісін жобалау	8
1.1.1	Бұйымның, тетіктің немесе құрылымдық бірліктің сипаттамасы	8
1.1.2	Құрылым бірлігінің конструкциясын технологиялылыққа талдау	9
1.1.3	Құрастыру дәлдігін қамтамасыз ететін әдісті таңдау	10
1.1.4	Құрастыру кезіндегі ұйымдастыру формасын таңдау	10
1.1.5	Құрастыру жұмыстарын нормалау	10
1.1.6	Құрам құрастыруының еңбексыйымдылығы	11
1.2	Тетік жасаудағы технологиялық үрдісін жобалау	12
1.2.1	Тісті дөңгелектің материалы мен оның қасиеттері	12
1.2.2	Өндіріс типін анықтау	12
1.2.3	Бұйым конструкциясын технологиялылыққа талдау	13
1.2.4	Дайындама алудың техникалық-экономикалық негіздемесі	14
1.2.5	Дайындаманы өндеу маршрутын жасау	15
1.2.6	Кесу режимі мен машиналық уақытты анықтау есебі	16
2	Конструкторлық бөлім	32
2.1	Қондырғының сипаты мен есебі	32
2.2	Қысу күшінің есебі	32
3	Ұйымдастыру бөлім	34
3.1	Өндірістің негізгі жабдықтар санын анықтау	34
3.2	Цех жұмысшыларының саны мен құрамын анықтау	35
3.3	Механикалық бөлімнің ауданын анықтау	35
3.4	Механикалық бөлімнің көмекші бөлігінің ауданын анықтау	36
3.5	Материалдар мен дайындамаларды сақтайтын қойманың ауданын анықтау	36
3.6	Құрал – жабдық қоймасының ауданын анықтау	37
3.7	Құрастыру стендінің санын анықтау	37
3.8	Құрастыру бөлімінің ауданын есептеу	37
	Қорытынды	38
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	39

КІРІСПЕ

Машина жасау - ғылыми-техникалық ілгерілеуді құрайтын бөлік және ең маңызды өнеркәсіп саласы болып табылады. Ғылыми-техникалық прогресстің маңызды шарты болып еңбек өнімділігінің артуы, қоғамдық өндірістің тиімділігінің жоғарлауы, өнімнің сапасының жақсаруы жатады.

Өндірістің тиімділігі, оның техникалық прогресі, шығарылатын өнімнің сапасы көбінесе жаңа жабдықтарды, машиналарды, станоктар мен аппараттарды шығаруға, сондай-ақ технологиялық және конструкторлық шешімдердің экономикалық тиімділігі мен техникалық мәселелерді қамтамасыз ететін әдістерді жан-жақты енгізуге байланысты. Ғылыми-техникалық революцияны жүзеге асыруға машина жасау саласы басты, өзекті роль атқарады.

Машина жасау технологиясының әбден жетілдіруі қажетті машиналардың қоғамдық өндірістің қажеттіліктерімен анықталады. Ортақ құрастырылым және машинаның конструктивтік ресімдеуі оның өндірісінің технологияларына ықпал етеді. Машиналар конструкцияны оның технологиясын есепке алуымен өндеу керек.

Машина жасау технологиясы – машина шығару процестерінде туатын заңдылықтарды зерттеп, сол заңдылықтарды неғұрлым керегінше сапалы, арзан және өнімді машиналар жасауға бағыттайтын ғылымның бір саласы. Машина жасауда өндірісті комплексті автоматтандыруға арналған машиналар мен қазіргі сенімді де эффективті жаңа жүйелер құрылып, игерілді. Бұл қолдың күшімен аз қажет етіп, жоғары сапалы өнім алуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақыттың негізгі мақсаты ол Республика азаматтарының тұрмыс жағдайын көтеру, ғылыми-техникалық дамуды үдету және экономиканы қарқынды даму жолына қою болып табылады. Бұл мақсатты орындау үшін өндірісті қайта құралдандыруды қарқындарды, жоғары өнімді машиналар мен құралдарды жобалау және шығару, прогрессивті технологияларды өндіріске енгізу жұмыстары маңызды орындалады. Осыған байланысты жаңа әсерлі технологиялық процесстерді жобалау, меңгеру және енгізу, бұйымдардың металсиымдылығын азайту, өндірістік процесстерді механикаландыру және автоматтандыру жұмыстарына ерекше назар аудару керек.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Бұйымды құрастыруының технологиялық үрдісін жобалау

1.1.1 Бұйымның, тетіктің немесе құрылымдық бірліктің сипаттамасы

Тісті дөңгелек өте көп таралған тетік болып саналады. Оның көп бөлігі бәсеңдеткіштерде қолданылады. Бәсеңдеткіш қызметі бұрыштық жылдамдықты бәсеңдету және айналу моментін тісті дөңгелектер арқылы немесе білік арқылы жоғарлату болып табылады. Бәсеңдеткіш қораптан (болатты пісірілген немесе шойынды құйылған) тұрады, онда беріліс элементері орналасады – тісті дөңгелектер, біліктер, мойынтіректер және т.б. Бәсеңдеткіштерді белгілі бір машинаның жетегі үшін немесе берілген жүктеме және нақты сипатты нұсқаусыз беріліс саны бойынша жобалайды. Екінші жағдайда, бәсеңдеткіштердің сериялық өндірісі ұйымдастырылған арнайы заводтар үшін жобаланады. Бәсеңдеткіштер мына топтарға бөлінеді: беріліс түріне байланысты тісі бұрамдық немесе тісті бұрамдық; саты санына байланысты бір сатылы, екі сатылы және тағы басқа; тісті дөңгелектің түріне байланысты цилиндрлік, конустық және тағы басқа; бәсеңдеткіш білігінің орналасуына байланысты тік және көлбеу және тағы басқа болып бөлінеді.

Тісті дөңгелек машиналардың элементтерінің бірі болып келеді. Машиналардың кез келген түрінде болады. Қолдану орны көп болғандықтан тек машинажасау саласында ғана емес тау-кен, мұнай, және тағы басқа ауыр, жеңіл, ауыл шаруашылығында қолданады. Жобаланып отырған бәсеңдеткіш цилиндрлік бір сатылы 1ЦУ-125 типті бәсеңдеткіштер тобына жатады.

Бәсеңдеткіштің техникалық мінездемесі:

Баяужүргіш біліктегі бұралу моменті	156 Н·м;
Тезжүргіш біліктегі шекті айналу жиілігі	720 айн/мин;
Беріліс қатынасы	3,15;
Бәсеңдеткіш ПӘК-і ең аз дегенде	0,96;
Қызмет ету уақыты ең аз дегенде	10 жыл;
Құйылатын май көлемі:	110 л.

Бәсеңдеткіштің негізгі басты қызметі айналу жиілігін кішірейтіп және айналу моментінің жылдамдығын үлкейтеді. Барлық бәсеңдеткіштер тезжүргіштік және баяужүргіштік білігіне ие. Бәсеңдеткіштің жұмыс режимы аса қиын жағдайда жүргізіледі, жұмыс циклі бірқалыпты, ұзақ мерзімді жүргізіледі. Зиянды әсерлерге; жұмыс ауасы агрессивті ауа-райы ортасында, атмосфералық әсері бар сыртқы ортада жүргізіледі, сол себепте оны тотықсыздандыру амалдары қолданылады. Бәсеңдеткіш қорабының ажырама жазықтығын және бәсеңдеткіш қақпағын соңғы құрастыру алдында қымтақпен БФ-2 МЕСТ 12172-74 қаптау керек

1.1.2 Құрылым бірлігінің конструкциясын технологиялылыққа талдау

Берілген бәсеңдеткіш конструкциясындағы барлық элементтері нормальды стандартқа тиесілі жасалған. Бұл ерекшелік бөлшектерді жасау кезінде алдын-ала жобаланған өндірістік технологиялылық процессімен жүргізуге икемділік береді. Конструкцияның ерекшелігі оның бұзу және жинау амалдары оңай, қарапайым операцияларға дифференциалдауға жеңілдігі. Осы бірқатар ережелер құрылым тетіктерінің дәлдіктері нормалды дәлдік станок қатарымен жүзеге асырылуы.

Осымен қатар құрылымның техникалық – экономикалық критерия бойынша бағаласақ:

Құрастыру жұмысының еңбексыйымдылығы (71фор,41 бет,[5]):

$$T = \sum_1^n t_{um}, \text{ норма/сағ,} \quad (1.1)$$

мұндағы $\sum t_{шт}$ – құрастыру операциясының даналық уақыты.

$$\dot{O}_{\bar{n}a} = T_{\bar{n}a} \cdot N = 62,45 \cdot 5000 = 3122500 \text{ норма/сағ.} \quad (1.2)$$

Құрастыру процесінің еңбексыйымдылығының салыстырмалы критериясы (5-кесте,27 бет,[8]):

$$\varphi_{\bar{n}a} = T_{\bar{n}a} / T_m, \quad (1.3)$$

мұндағы $T_{\bar{n}a}$ – құрастыру операциясының еңбексыйымдылығы;

T_m – тетікті дайындау кезіндегі еңбексыйымдылығы.

$$\varphi_{\bar{n}a} = 62,45 / 75,75 = 0,82.$$

Құрастыру операциясының бөлімдік коэффициенті (5-кесте,27бет,[8]):

$$k_{pac} = T_{\bar{n}a.yz} / T_{\bar{n}a}, \quad (1.4)$$

мұндағы $T_{\bar{n}a.yz}$ – құрам құрастыру операциясының еңбексыйымдылығы;

$T_{\bar{n}a}$ – құрастыру операциясының еңбексыйымдылығы.

$$k_{pac} = 10,3 / 62,45 = 0,16.$$

Құрастыру процесінің мінсіздік коэффициенті (53 фор,100бет,[8]):

$$k_{cov.\bar{n}a} = \frac{T_{\bar{n}a} - T_{np}}{T_{\bar{n}a}}, \quad (1.5)$$

мұндағы $T_{\bar{n}a}$ – құрастыру операциясының еңбексыйымдылығы;

T_{np} – келтіру операциясының еңбексыйымдылығы.

$$k_{\text{н.д.}} = \frac{62,45 - 9}{62,45} = 0,856.$$

1.1.3 Құрастыру дәлдігін қамтамасыз ететін әдісті таңдау

Бұйымның дәлдігі негізінен оның құрамдағы тетіктердің дәлдігіне байланысты негізгі әсер етушілері тісті беріліс қатынасы мен осы беріліс отырған білік. Егер білік дәлдігі бірнеше ретке жоғары болса, онда тісті дөңгелек дәлдігі жоғарылайды, бірақ осы амалдар техника- экономикалық тұрғыдан негізделу керек. Берілген жобада қарапайым дәлдіктегі тісті дөңгелектің берілген осы себеппен дәлдік тетіктердің жобаланған кездегі дәлдік арқылы жүргізіледі. Тісті дөңгелектің құрастыру кезінде мойынтіректің остік бойымен келтіру операцияны қажет етеді. Сол себепте осы келтіру операциясында слесарьдың жоғары квалификациясын қажет етеді.

1.1.4 Құрастыру кезіндегі ұйымдастыру формасын таңдау

Құрастыру амалдарының ұйымдастыру формасын таңдау негізінен бұйымның конструкциялық ерекшеліктеріне, шығарылу көлеміне және өндіріс типіне сәйкес анықталады. Берілген жобада көпшілік өндіріске жататындықтан ұйымдастыру типін партиялы етіп жүргізген ең тиімді. Өндіріс программасы бұйым күрделілігі мен шығару данасына байланыстырып екі апталық программа бойынша жүргізіледі.

Құрастыру операциясының технологиялық процесін жобалау үшін төменде көрсетілген мәліметтерге сүйенеміз:

Құрастырым сызбасы.

Құрамға кіретін тетіктердің спецификациясы.

Құрамға кіретін барлық тетіктердің сызбасы

Қабылдау орталығын технологиялық шарттары.

Шығару программасы – 5000 дана.

Құрастырудың реттемесін қабылданған сұлба бойынша жүргізіледі. Көпшілік өндірісте технологиялық процесті дәлірек жүргіземіз, керек жерлерінде аралық әрекетті көрсету тиімді.

Жобаланған технологиялық процесс қосымша бөлімінде берілген.

1.1.5 Құрастыру жұмыстарын нормалау

Операция даналық уақытының нормасын төменде келтірілген формула бойынша іздейміз (25 фор, 77 бет, [8]):

$$t_{\text{ум}} = t_{\text{он}} \left(1 + \frac{\alpha + \beta + \gamma}{100} \right), \quad (1.6)$$

мұндағы α, β, γ - техникалық, ұйымдастыру қызметі және демалу уақытының оперативті уақытынан пайыздық үлесі, $\beta = 2 - 3\%$; $\gamma = 4 - 6\%$.

Құрастыру жұмысында техникалық қызметі 0-ге тең, $\alpha = 0$.

Операциялық уақыты 2 бөліктен құралады, олар $\sum t_{ec}$ және t_{on}^1 , сонда жалпы (1.6) формула төмендегі түрде жазылады (26 фор, 78 бет, [8]):

$$t = (\sum t_{ec} + \sum t_{on}^1) \cdot \left(1 + \frac{\beta + \gamma}{100}\right), \quad (1.7)$$

мұндағы $(\sum t_{ec})$ -қосалқы уақытының қосындысы ;
 $(\sum t_{on}^1)$ -оперативті уақытының қосындысы.

Тісті дөңгелекті жинау:

Жинау үстеліне білікті орнату. Қосымша уақыт T_{bc} -3 мин.(Кесте п.9.1).

Тістегергішті білікке орнатып, тісті дөңгелекті отырғызу:

$T_{оп}$ - $6 \cdot 2 + 8 \cdot 2 = 28$ мин.

Білікті төлкеге отырғызу: $T_{оп}$ - $4 \cdot 2 = 8$ мин.

Білікке мойынтіректерді престеп отырғызу: $T_{оп}$ - $5 \cdot 2 = 10$ мин.

Төлкені престеп отырғызу: $T_{оп}$ - $3 \cdot 2 = 6$ мин.

Тығырықты білікке орнату: $T_{оп}$ - $1 \cdot 2 = 2$ мин.

Сомынды орнату: $T_{оп}$ - $2 \cdot 2 = 4$ мин.

Оперативті уақыттың қосындысы:

$$\sum t_{on} = 28 + 8 + 10 + 6 + 2 + 4 = 58 \text{ мин.}$$

Қосалқы уақыттың қосындысы:

$$\sum t_{ec} = 3 \text{ мин.}$$

Даналық уақыттың нормасы төмендегідей:

$$t = (58 + 3) \left(1 + \frac{3 + 5}{100}\right) = 68,74 \text{ мин.}$$

1.1.6 Құрам құрастыруының еңбексыйымдылығы

Құрастыру операциясының еңбексыйымдылығын операция бойынша даналық уақытының қосындысынан анықтаймыз (60 фор, 103 бет, [8]):

$$T_{сб} = T_{шт} = \sum t_{шт}, \text{ мин,} \quad (1.8)$$

мұндағы n – операциялар саны;

$$T_{сб} = 50,36 \text{ мин.}$$

Жылдық еңбексыйымдылығын төмендегі жолмен анықтаймыз:

$$T_{сб} = T_{шт} \cdot N = 50,36 \cdot 50000 = 2518000 \text{ норма/сағ.} \quad (1.9)$$

1.2 Тетік жасаудағы технологиялық үрдісін жобалау

1.2.1 Тісті дөңгелектің материалы мен оның қасиеттері

Болат деп, құрамында 2 пайыздан аспайтын көміртегі және табиғи немесе әдейі қосылатын қоспа элементтер: марганец, кремний, хром, натрий т.с. бар темір қорытпасын айтады.

Болат 45 көміртегі мөлшері С - 0,14 - 0,22 %, марганец мөлшері Мn – 0,4 - 0,65 % , кремний мөлшері Si - 0,05 - 0,17 %, никель мөлшері Ni – 0,3 %-ға дейін, фосфор мөлшері Р – 0,04 % -ға дейін, хром мөлшері Cr – 0,3%-ға дейін, мыс мөлшері Cu – 0,3%-ға дейін.

Беріктік категориясы 68-73HRC.

Аққыштық шегі $\zeta_T = 245$ МПа.

Салыстырмалы ұзаруы $\zeta = 26\%$.

Салыстырмалы тарылу $\varphi = 40\%$.

Соқпалы тұтқырлығы 95 МДж/см².

Тағайындалуы: тістібіліктер, тістегеріштер, айналдырықтар, құрсаулар, цилиндрлер, жұдырықшалар және тағы басқа қалыптандырулар.

1.2.2 Өндіріс типін анықтау

Өндірістің типі шығарылатын өнімнің тактісімен және сериялық коэффициентімен сипатталады. Шығару тактісінің өлшемі мына формуламен есептеледі (21 бет, [5]):

$$\tau_B = F_d \cdot 60 / N, \quad (1.10)$$

мұндағы $F_d = 4038$ сағат – екі сменды жұмыс уақытының жылдық қоры;

$N = 50000$ дана – бөлшек шығарудың жылдық бағдарламасы.

$$\tau_B = 4015 \cdot 60 / 50000 = 48,18 \text{ мин/дана.}$$

Сериялық коэффициент әрбір станокқа немесе әрбір жұмыс орнына бекітілген түрлі құрастыру операциялары санын сипаттайды (20 бет, [5]):

$$K_{сер} = \tau_B / t_{орт.д}, \quad (1.11)$$

мұндағы τ_B – шығарылатын бұйымның немесе бөлшектің тактісі;
 $t_{орт.д}$ – бұйымды немесе бөлшекті шығару тактісі бір бөлшекті құрастыруға немесе өңдеу операцияларына, ортақ данаға жұмсалатын уақыт;

$t_{орт.д}$ – анықтау үшін күрделі есептеу жүргізу немесе базалық заводтарда орындалатын соған ұқсас операциялардың уақыт мерзімін қабылдау керек.

$$K_{сер} = \tau_B / T_{дана} = 48,18 / 13,7 = 3,5 \quad (1.12)$$

Көпшілік өндіріске $K_{сер} \geq 2$; ірі сериялы өндіріске $K_{сер} = 2 \div 10$; орташа сериялы өндіріске $K_{сер} = 10 \div 20$; және ұсақ сериялы өндіріске $K_{сер} = 20 \div 30$.
Өзіміз көріп отырғандай өндірісіміз “ірі сериялы” жатады.

1.2.3 Бұйым конструкциясын технологиялылыққа талдау

Тетіктің дайындама алудың технологиялылығын қарасақ; тетік тісті дөңгелектер деталь класына жатқасын, дайындама алудың оптималды вариант соқпа операциясы. Тетіктің шығару бағдарламасы жоғары және дәлдігі жоғары болғандықтан, штамптау әдісін қолданамыз.

Тетік дайындау процессінің технологиялылығы. Тетік қарапайым геометриялық беттер бойынша өңделеді. Кескіш инструментіміз кесу аймағына келтіру амалдары жеңіл және ашық болып келеді. Бекіту және базалау беттері толық комплекті. Кейбір беттер унификацияланған (центрлік беттер, кілтек ойығы, фаскалар және т.б.). Таңдалған материалымыз кесіп өндеуге жеңіл келеді.

Тетіктің конструкциялық технологиялылығын мөлшерлік бағалауы төменгі коэффициенттермен анықталады:

Тетікті дайындаудың еңбексыйымдылық коэффициентін анықтау:

$$K_{y.m} = Q_n / Q_{б.п}, \quad (1.13)$$

мұндағы Q_n – тетікті дайындаудың жобаланған еңбексыйымдылығы;

$Q_{б.п}$ – базалық зауыттағы еңбексыйымдылық.

$$K_{y.m} = 323 / 462 = 0,7.$$

Тетіктің конструкциялық элементтерінің унификация коэффициентін анықтау:

$$K_{y.э} = Q_{э.у} / Q_э, \quad (1.14)$$

мұндағы $Q_{э.у}$ – тетіктің унификацияланған элементтер саны, дана.

$Q_э$ – конструктивті элементтердің жалпы саны, дана.

$$K_{y.э} = 7 / 18 = 0,38.$$

Материалды қолдану коэффициентін анықтау:

$$K_{и.м} = G_d / G_{з.п}, \quad (1.15)$$

мұндағы G_d – сызба бойынша тетіктің массасы, кг;

$G_{з.п}$ – дайындаманың барлық технологиялық жойылуларымен бірге, кг.

$$K_{и.м} = 180 / 252 = 0,71.$$

1.2.4 Дайындама алудың техникалық-экономикалық негіздемесі

Тетіктің материалы – Болат 45 МЕСТ 1050 -88; жетілдіру: 230...260НВ;
 $\delta_B=750$ МПа.

Тісті тәждің сипаттамасы: $m=2$ мм, $\beta = 7^{\circ}15'$, $z=94$, $b=50$ мм, $d=189,52$ мм.

Тетік салмағы $M_g=1,5$ кг.

Дайындама-болатты соғылма, штампталған.

Механикалық өңдеудегі әдіптерді есептеу МЕСТ 7505-89 “Штампталған болатты соғылма” стандарты бойынша есептеледі.

Жылдық бағдарлама: 40000 дана.

Штамп – беріктікке есептелген және статикалық айналушы моментті беруге арналған. Штамптаудың тексерілетін параметрлері:

Сыртқы көрінісі, өлшемдері, химиялық құрамы, механикалық қасиеттері, аққыштық шегі және салыстырмалы ұзаруы және қысқаруы. Штамп термиялық өңдеуден өтуі қажет.

Қалыптау есептік массасы:

$$M_{np} = K_p \cdot M_g = 1,6 \cdot 1,5 = 3,6 \text{ кг}, \quad (1.16)$$

мұнда K_p - есептелінген коэффициент (МЕСТ б/ша 20 кесте).

Дәлдік классы- Т4 (19 кесте), көлденең соғу машинасы-КСМ.

Болат тобы - М2 (1 кесте).

Қиындық дәрежесі - С1 (қосымша 2).

МЕСТ-ң 2-кестесі бойынша дайындаманың индексін анықтаймыз, ол 12-ге тең.

МЕСТ-ң 3-кестесі бойынша бастаушы индекске байланысты, өңделетін беттің кедір-бұдырлығы мен өлшемдерді механикалық өңдеуге әдіптерді тағайындаймыз, мм.

-Ø 341-2мм;	ұзындық $l=50$ мм-1,7мм
-Ø 303-2мм;	қалыңдық $b=32$ мм-2мм
-Ø 45Н7-1,7мм;	тереңдік 20-1,6мм
-Ø 130-1,7мм ;	

Дайындама өлшемдері- дайындаманың бір бетіне әдіптер есептеу бойынша жүргізіледі.

-Ø341+ 2 · 2 = 345 мм, 345 мм қабылдаймыз;

-Ø303- 2 · 2 = 291 мм;

-Ø45Н7-45- 2 · 1,7 = 41,6 мм, 42 мм қабылдаймыз;

-Ø130-130+ 2 · 1,7 = 134,4 мм, 134 мм қабылдаймыз;

- $l=50$ мм-50+ 2 · 1,7 = 53,4 мм, 53 мм қабылдаймыз;

тереңдік 20 мм-20+1,7-1,6=20,1, 20 мм қабылдаймыз.

Сыртқы бұрыш радиусының жұмырлануы- 2,5мм (7 кесте, [5])

Өлшемдердің шекті ауытқы (8 кесте) мм.

Ø 345 $\begin{matrix} +2,1 \\ -1,1 \end{matrix}$	Ø 166 $\begin{matrix} +1,8 \\ -1,0 \end{matrix}$	Ø 42 $\begin{matrix} +1,4 \\ -0,8 \end{matrix}$
Ø 134 $\begin{matrix} +1,4 \\ -0,8 \end{matrix}$	Ø 53 $\begin{matrix} +1,4 \\ -0,8 \end{matrix}$	Ø 20 $\begin{matrix} +1,3 \\ -0,7 \end{matrix}$

1.2.5 Дайындаманы өңдеу маршрутын жасау

Тісті дөңгелек секілді тетіктердің технологиялық процессін жасау жеңілден қиынға қарай принципі бойынша ұйымдастырылады.

1 Кесте - Тісті дөңгелектің өңдеу маршруты

Операция №	Операцияның және өтпенің аталуы	Білдек пен құрал-жабдық	Қондырғы
005	<u>Токарлық</u> Бүйіржақтарды тіліктеу: Ø198h9/ Ø166; Ø71/ Ø42H7 l=50мм	Токарлы-бұрама кескіш білдегі 16Б05П	Үшжұдырықшалы қысқы
010	<u>Токарлық</u> Беттерді жону: Ø341мм, L=50 мм	Токарлы-бұрама кескіш білдегі 16Б05П	Үшжұдырықшалы қысқы
015	<u>Токарлық</u> <u>Беттерді жону:</u> <u>Ø303 Ø130 мм екі жақтан,</u> <u>тереңдігі 20мм</u>	Токарлы-бұрама кескіш білдегі 16Б05П	Үшжұдырықшалы қысқы
020	<u>Токарлық</u> <u>Тесікті жону:</u> <u>Ø45H7 ажарлау,</u> <u>L=50 мм</u>	Токарлы-бұрама кескіш білдегі 16Б05П	Үшжұдырықшалы қысқы
025	<u>Бұрғылау</u> <u>4 тесікті бұрғылау</u> <u>Ø26, L=10 мм</u>	Тігінен-бұрғылау білдегі 2Н150	Құралбілік
030	<u>Тартажону</u> <u>Қытек ойықты созу 141s9,</u> <u>L=50 мм</u>	Көлденең тартажонғыш 7Б55У	Қатты тірек, УСПО
035	<u>Тісжонғылау</u> <u>Тісті қию:z=94; m=2 мм;</u> <u>L=50 мм</u>	Тісжонғылау жартылай автоматты моделі 5К310	Құралбілік
040	<u>Ажарлау</u> <u>Тесікті ажарлау:</u> <u>Ø45H7</u>	Іштей ажарлау білдегі 3К227А	Үшжұдырықшалы қысқы
045	<u>Жуу</u> <u>Тетікті жуу</u>	Жуу машинасы	
050	<u>Техникалық бақылау</u>		

1.2.6 Кесу режимі мен машиналық уақытты анықтау есебі

Операция: №005 Токарлық операциясының есебі

Бүйіржақты жону: Ø303/ Ø42 екі жақтан өлшемі 50, D=71 мм.

Кескіш қатты қорытпалы Т15К6 пластинкамен жабдықталған.

1. Кесу тереңдігін анықтау:

$$t = \frac{(d_1 - d_2)}{2} = \frac{(53 - 50)}{2} = 1,5 \text{ мм.} \quad (1.17)$$

Бір өтпе кезіндегі кесу тереңдігі: $t=0,5$ мм

$$\text{Өтпе саны } i = \frac{1,5}{0,5} = 3$$

2. Берілісті анықтау: $S=0,38$ мм/айн (14-кесте, 268 бет, [6]).

Өңделетін материалдың беріктік шегі $\delta_B=750$ МПа.

3. Кесу жылдамдығын анықтау:

$$v = \frac{C_v \cdot K_v}{T^m \cdot t^x \cdot S^y} = \frac{350 \cdot 0,8}{45^{0,2} \cdot 0,5^{0,15} \cdot 0,38^{0,35}} = 203,58 \text{ м/мин,} \quad (1.18)$$

мұнда K_v – жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

$$K_v = K_{mv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv} \cdot K_{\varphi v} \cdot K_{rv} = 1 \cdot 0,8 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1 = 0,8. \quad (1.19)$$

Өңделетін материалдың сапасын (физика-механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті (2-кесте, 262 бет, [6]):

$$K_{mv} = \left(\frac{750}{\sigma_B} \right)^{nv} = \left(\frac{750}{750} \right)^1 = 1, \quad (1.20)$$

Кесте (2-кесте, 262 бет, [6]) бойынша коэффициенті $K_r=1$ мен $n_v=1$ дәреже көрсеткішін табамыз.

Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент (5-кесте, 263 бет, [6]): $K_{nv}=0,8$.

Кескіштің материалының әсерін ескеретін коэффициенті (6-кесте, 263 бет, [6]): $K_{uv}=1$.

Пландағы бұрыштың әсерін ескеретін коэффициент (18-кесте, 271 бет, [6]): $K_{\varphi v}=1$; $\varphi=45$.

Кескіш радиусының әсерін ескеретін коэффициенті (18-кесте, 271 бет, [6]): $K_{rv}=1$; $r=2$ мм.

$C_v=350$ коэффициенті мен $x=0,15$; $y=0,35$; $m=0,2$ дәрежелері кестеде берілген (17-кесте, 269 бет, [6]).

Тұрақтылық периоды(268 бет, [6]): $T=45$ мин ($T=30\dots 60$ мин)

4. Шпиндельдің айналу санын анықтау:

$$n = \frac{1000 \cdot V}{\pi \cdot D} = \frac{1000 \cdot 203,58}{3,14 \cdot 71} = 913,2 \text{ айн/мин.} \quad (1.21)$$

Білдек паспорты бойынша түзетеміз. $n = 920$ айн/мин.

Сонда нақты кесу жылдамдығын анықтау:

$$V_o = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3,14 \cdot 71 \cdot 920}{1000} = 205,1 \text{ м/мин.} \quad (1.22)$$

5. Кесу күшін анықтау:

$$P_z = 10 \cdot C_p \cdot t^x \cdot S^y \cdot V^n \cdot K_p = 10 \cdot 300 \cdot 1,5^1 \cdot 0,38^{0,75} \cdot 205,1^{-0,15} \cdot 1 = 324 \text{ Н,} \quad (1.23)$$

мұнда $K_p = K_{Mp} \cdot K_{\varphi p} \cdot K_{\lambda p} \cdot K_{\gamma p} = 1$

$$K_{Mp} = \left(\frac{\sigma_B}{750} \right)^n = 1; n=0,75 \text{ (9-кесте, 264 бет, [6]),} \quad (1.24)$$

мұнда $K_{\varphi p}=1$; $\varphi = 45^0$; $K_{\lambda p}=10^0$; $K_{\lambda p}=1$; $\lambda = -5^0$; $K_{\gamma p}=1$; Т15К6- қатты қорытпа (23-кесте, 275 бет, [6]).

$C_p=300$ коэффициенті мен $x=1$, $y=0,75$, $n=0,15$ дәрежелер көрсеткіштерін (22-кесте, 273 бет, [6]) кестеден аламыз.

6. Кесу қуатын анықтау:

$$N_e = \frac{P_z \cdot V}{1020 \cdot 60} = \frac{324 \cdot 205,1}{1020 \cdot 60} = 1,09 \text{ кВт.} \quad (1.25)$$

Қажетті станок қуатын анықтау:

$$N_{ст} = \frac{N}{\eta} = \frac{1,09}{0,75} = 1,45 \text{ кВт,} \quad (1.26)$$

мұнда $\eta=0,75$ – к.п.д станок.

Жоңғыш витті кескіш 16Б05П білдегін таңдаймыз, $N=1,5$ кВт;

$D_{max}=320$ мм; $n=30\dots 3000$ айн/мин (9-кесте, 15 бет, [6]).

7. Операцияның негізгі уақытын анықтау (123 бет, [7]):

$$T_o = \frac{L \cdot i}{n \cdot S} = \frac{2 \cdot 22,5 \cdot 3}{920 \cdot 0,38} = 0,39 \text{ мин,} \quad (1.27)$$

мұнда $L=l+l_1+l_2=22,5\text{мм}$ – беріліс бағытындағы аспап жолының ұзындығы;

$l=14,5\text{мм}$ – кесу ұзындығы $(71-42)/2$;

$l_1=3\text{мм}$ – кіре кесу ұзындығы;

$l_2=5\text{мм}$ – кескіштің асып кеткіштігі (123 бет, [7]).

Қосымша уақыт $t_{\text{қос}} = 1,25 \text{ мин}$ (69-кесте ,71; [7]).

8. Жұмыс орнына қызмет көрсету уақытын анықтау:

$$t_{\text{қыз}}=0,046 \cdot T_o = 0,046 \cdot 0,39=0,02 \text{ мин.} \quad (1.28)$$

9. Даналық уақытты анықтау:

$$t_{\text{шт}}=T_o+t_{\text{қос}}+t_{\text{қыз}}=0,39+1,25+0,02=1,66 \text{ мин.} \quad (1.29)$$

Операция: №005 Токарлық операциясының есебі

Бүйіржақты жону: $\text{Ø}341/ \text{Ø}320$ екі жақтан өлшемі 50, $D=198 \text{ мм}$.

Кескіш қатты қорытпалы Т15К6 пластинкамен жабдықталған.

1. Кесу тереңдігін анықтау:

$$t = \frac{(d_1 - d)}{2} = \frac{(53 - 50)}{2} = 1,5 \text{ мм.}$$

Бір өтпе кезіндегі кесу тереңдігі: $t=0,5\text{мм}$

Өтпе саны $i = \frac{1,5}{0,5} = 3$.

2. Берілісті анықтау:

$S=0,38 \text{ мм/айн}$ (14-кесте,268бет,[6])

Өңделетін материалдың беріктік шегі $\delta_B=750\text{МПа}$.

3. Кесу жылдамдығын анықтау:

$$v = \frac{C_v \cdot K_v}{T m_t^x S^y} = \frac{350 \cdot 0,8}{45^{0,2} \cdot 0,5^{0,15} \cdot 0,38^{0,35}} = 203,58 \text{ мм/мин,}$$

мұнда K_v – жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

$$K_v = K_{mv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv} \cdot K_{\varphi v} \cdot K_{rv} = 1 \cdot 0,8 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1 = 0,8.$$

Өңделетін материалдың сапасын (физика-механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті (2-кесте, 262 бет, [6]).

$$K_{mv} = \left(\frac{750}{\sigma_B} \right)^{n_v} = \left(\frac{750}{750} \right)^1 = 1.$$

Кесте (2-кесте, 262 бет, [6]) бойынша коэффициенті $K_r=1$ мен $n_v=1$ дәреже көрсеткішін табамыз.

Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент (5-кесте, 263 бет, [6]): $K_{nv}=0,8$.

Кескіштің материалының әсерін ескеретін коэффициенті (6-кесте, 263 бет, [6]): $K_{uv}=1$.

Пландағы бұрыштың әсерін ескеретін коэффициент (18-кесте, 271 бет, [6]): $K_{\varphi v}=1$; $\varphi=45^\circ$.

Кескіш радиусының әсерін ескеретін коэффициенті (18-кесте, 271 бет, [6]): $K_{rv}=1$; $r=2\text{мм}$.

$C_v=350$ коэффициенті мен $x=0,15$; $y=0,35$; $m=0,2$ дәрежелері кестеде берілген (17-кесте, 269 бет, [6]).

Тұрақтылық периоды (268 бет, [6]): $T=45$ мин ($T=30\dots 60$ мин) .

4. Шпиндельдің айналу санын анықтау:

$$n = \frac{1000 \cdot V}{\pi \cdot D} = \frac{1000 \cdot 203,58}{3,14 \cdot 198} = 327,4 \text{ айн/мин.}$$

Станок паспорты бойынша түзетеміз. $n = 330$ айн/мин.

Сонда нақты кесу жылдамдығын анықтаймыз:

$$V_o = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3,14 \cdot 198 \cdot 330}{1000} = 205,2 \text{ м/мин.}$$

5. Кесу күшін анықтау:

$$P_z = 10 \cdot C_p \cdot t^x \cdot S^y \cdot V^n \cdot K_p = 10 \cdot 300 \cdot 1,5^1 \cdot 0,38^{0,75} \cdot 205,2^{-0,15} \cdot 1 = 324 \text{ Н,}$$

мұнда $K_p = K_{Mp} \cdot K_{\varphi p} \cdot K_{\lambda p} \cdot K_{rp} = 1$.

$$K_{Mp} = \left(\frac{\sigma_B}{750} \right)^n = 1; n=0,75 \text{ (9-кесте, 264 бет, [6]),}$$

мұнда $K_{\varphi p}=1$; $\varphi = 45^\circ$; $K_{\lambda p}=10^0$; $K_{\lambda p}=1$; $\lambda = -5^0$; $K_{rp}=1$;

T15K6- қатты қорытпа (23-кесте, 275 бет, [6]).

$C_p=300$ коэффициенті мен $x=1$, $y=0,75$, $n=0,15$ дәрежелер көрсеткіштерін (22-кесте, 273 бет, [6]) кестеден аламыз.

6. Кесу қуатын анықтау:

$$N_e = \frac{P_z v}{1020 \cdot 60} = \frac{324 \cdot 205,2}{1020 \cdot 60} = 1,09 \text{ кВт.}$$

Қажетті станок қуатын анықтау:

$$N_{ст} = \frac{N}{\eta} = \frac{1,09}{0,75} = 1,45 \text{ кВт,}$$

мұнда $\eta=0,75$ – к.п.д станок.

Жоңғыш витті кескіш 16Б05П білдегін таңдаймыз, $N=1,5$ кВт;

$D_{max}=320$ мм; $n=30 \dots 3000$ айн/мин (9-кесте, 15 бет, [6]).

7. Операцияның негізгі уақытын анықтау (123 бет, [7]):

$$T_o = \frac{L \cdot i}{n \cdot S} = \frac{2 \cdot 24 \cdot 3}{330 \cdot 0,38} = 1,15 \text{ мин,}$$

мұнда $L=l+l_1+l_2=24$ мм – беріліс бағытындағы аспап жолының ұзындығы;

$l=16$ мм – кесу ұзындығы $(198-166)/2$;

$l_1=3$ мм – кіре кесу ұзындығы;

$l_2=5$ мм – кескіштің асып кеткіштігі (123 бет, [7]).

Қосымша уақыт $t_{кос} = 1,25$ мин (69-кесте, 71; [7]).

8. Жұмыс орнына қызмет көрсету уақытын анықтау:

$$t_{кыз} = 0,046 T_o = 0,046 \cdot 1,15 = 0,05 \text{ мин.}$$

9. Даналық уақытты анықтау:

$$t_{шт} = T_o + t_{кос} + t_{кыз} = 1,15 + 1,25 + 0,05 = 1,69 \text{ мин.}$$

Операция: №010 Токарлық операциясының есебі

Бүйіржақты жону: Ø341 D=341 мм.

Кескіш қатты қорытпалы Т15К6 пластинкамен жабдықталған.

1. Кесу тереңдігін анықтау:

$$t = \frac{(d_1 - d_2)}{2} = \frac{(198 - 193,52)}{2} = 2,24 \text{ мм.}$$

Бір өтпе кезіндегі кесу тереңдігі: $t=0,5$ мм.

Өтпе саны $i = \frac{2,24}{0,5} \approx 5$.

2. Берілісті анықтау: $S=0,42$ мм/айн (14-кесте, 268бет, [6]).

Өңделетін материалдың беріктік шегі $\delta_B=750\text{МПа}$.

3. Кесу жылдамдығын анықтау:

$$v = \frac{C_v \cdot K_v}{T^m \cdot t^x \cdot S^y} = \frac{350 \cdot 0,8}{45^{0,2} \cdot 0,6^{0,15} \cdot 0,4^{0,35}} = 196,46 \text{ м/мин},$$

мұнда K_v – жалпы кесу жағдайын ескеретін түзету коэффициенті.

$$K_v = K_{mv} \cdot K_{nv} \cdot K_{uv} \cdot K_{\varphi v} \cdot K_{rv} = 1 \cdot 0,8 \cdot 1 \cdot 1 \cdot 1 = 0,8,$$

Өңделетін материалдың сапасын (физика-механикалық қасиеті) ескеретін коэффициенті. (2-кесте, 262 бет, [6]).

$$K_{mv} = \left(\frac{750}{\sigma_B} \right)^{n_v} = \left(\frac{750}{750} \right)^1 = 1.$$

Кесте (2-кесте, 262 бет, [6]) бойынша коэффициенті $K_r=1$ мен $n_v=1$ дәреже көрсеткішін табамыз.

Дайындаманың бет қалыпын әсерін ескеретін коэффициент (5-кесте, 263 бет, [6]): $K_{nv}=0,8$.

Кескіштің материалының әсерін ескеретін коэффициенті (6-кесте, 263 бет, [6]): $K_{uv}=1$.

Пландағы бұрыштың әсерін ескеретін коэффициент (18-кесте, 271 бет, [6]): $K_{\varphi v}=1$; $\varphi=45$.

Кескіш радиусының әсерін ескеретін коэффициенті (18-кесте, 271 бет, [6]): $K_{rv}=1$; $r=2\text{мм}$.

$C_v=350$ коэффициенті мен $x=0,15$; $y=0,35$; $m=0,2$ дәрежелері кестеде берілген (17-кесте, 269 бет, [6]).

Тұрақтылық периоды (268 бет, [6]): $T=45$ мин ($T=30\dots 60$ мин).

4. Шпиндельдің айналу санын анықтау:

$$n = \frac{1000 \cdot V}{\pi \cdot D} = \frac{1000 \cdot 196,46}{3,14 \cdot 193,52} = 323,6 \text{ айн/мин.}$$

Станок паспорты бойынша түзетеміз. $n = 330$ айн/мин.

Сонда нақты кесу жылдамдығын табамыз:

$$V_\partial = \frac{\pi \cdot D \cdot n}{1000} = \frac{3,14 \cdot 193,52 \cdot 330}{1000} = 200,5 \text{ м/мин.}$$

5. Кесу күшін анықтау:

$$P_z = 10 \cdot C_p \cdot t^x \cdot S^y \cdot V^n \cdot K_p = 10 \cdot 300 \cdot 2,24^1 \cdot 0,42^{0,75} \cdot 200,5^{-0,15} \cdot 1 = 351 \text{ Н},$$

мұнда $K_p = K_{Mp} \cdot K_{\varphi p} \cdot K_{\gamma p} \cdot K_{\kappa p} = 1$.

$$K_{Mp} = \left(\frac{\sigma_B}{750} \right)^n = 1; n=0,75 \text{ (9-кесте, 264 бет, [6])},$$

